1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

МАҢҒЫСТАУ

Kaspi Bank арқылы жазылу

№76 (10583) 8 ҚЫРКҮЙЕК, СЕЙСЕНБІ, 2026 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ҚАРАҚИЯДА ЖАҢА ПОРТ САЛЫНАДЫ

БҮГІНДЕ КӨЛІК-ЛОГИСТИКА САЛАСЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУДІҢ МАҢЫЗДЫ ДРАЙВЕРЛЕРІНІҢ БІРІНЕ АЙНАЛЫП ОТЫР. ОНЫҢ МАҢЫЗЫ ЖҮК ТАСЫМАЛЫНЫҢ КӨЛЕМІМЕН ҒАНА ӨЛШЕНБЕЙДІ. БҰЛ САЛА ӨНДІРІС ОРЫНДАРЫНЫҢ НАРЫҚҚА ШЫҒУЫНА, ЭКСПОРТТЫҚ БАҒЫТТАРДЫҢ КЕҢЕЮІНЕ, ӨҢІРЛЕР АРАСЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫҢ КҮШЕЮІНЕ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПОЗИЦИЯСЫНЫҢ НЫҒАЮЫНА ТІКЕЛЕЙ ӘСЕР ЕТЕДІ.



Көлік инфрақұрылымын дамытудың негізгі бағыттарының бірі – жаңа теңіз порттарын салу болды. Себебі Каспий жағалауындағы инфрақұрылым нысандарының дамуы Қазақстанның теңіз көлігі жүйесін халықаралық транзиттік бағыттармен байланыстыруға мүмкіндік берді.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Маңғыстаудың көлік-логистикалық әлеуетін дамыту жөніндегі тапсырмалары аясында Қарақия ауданында жаңа порттық-логистикалық хаб құру жобасы жүзеге асырылып жатыр.

Жуырда Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қилыбай Қарақия ауданына жұмыс сапары барысында жаңа порт салынатын аумаққа барып, құрылыс жұмыстары алдындағы жобалау-зерттеу жұмыстарының қазіргі жай-күйімен танысты.

Облыс әкімі нысан аумағында жобаны жүзеге асырып жатқан қытайлық «Guo You Resources Group» компаниясының өкілдерімен кездесіп, ауқымды жобаны іске асырудың алдағы жоспарларын талқылады.

Жоба аясында Каспий теңізінің шығыс жағалауында заманауи көпфункционалды порттық-логистикалық хаб құру жоспарланған. Жалпы инвестиция көлемі 1 млрд АҚШ долларын құрайды. Бірінші кезеңге 300 млн АҚШ доллары бағытталып, порт инфрақұрылымын, айлақ кешенін, контейнерлік және қойма терминалдарын, темір жол және автомобиль жолдарын салу жоспарланған.

Бірінші кезеңде порттың өткізу қабілеті жылына 6–15 млн тоннаға дейін жетеді деп жоспарлануда. Кейінгі кезеңдерде бұл көрсеткішті 25 млн тоннаға дейін арттырмақ.

Жоба аясында 7 айлақ, шамамен 3 шақырымдық толқын тосқауыл, жалпы ұзындығы 7,5 шақырым темір жол жолдары, RO-RO және темір жол паромдық инфрақұрылымы, кеме жасау және кеме жөндеу кешені салынады.

– Мемлекет басшысы Қазақстанның көлік-логистикалық әлеуетін арттырып, елімізді Еуразиядағы негізгі көлік тораптарының біріне айналдыру міндетін қойды. Осы бағытта Маңғыстаудың стратегиялық маңызы ерекше. Қарақия ауданында салынып жатқан жаңа порт – өңірдің транзиттік мүмкіндіктерін кеңейтіп, Орта дәліздің әлеуетін тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін маңызды жоба. Инвестормен бірлесіп, жобаның сапалы әрі белгіленген мерзімде жүзеге асуын қамтамасыз етуіміз қажет. Бұл ретте жаңа жұмыс орындарын ашу, қазақстандық мамандарды даярлау және жобаның өңір экономикасына нақты үлес қосуы басты назарда болады, – деді Нұрдәулет Қилыбай.

Жоба толық іске қосылған кезде 600-800-ге дейін тұрақты жұмыс орнын ашады. Сонымен қатар қазақстандық техникалық кадрларды даярлау және порт қызметін кезең-кезеңімен жергілікті мамандарға береді.

Облыс әкімі жауапты тұлғаларға инвестормен бірлесіп жобаны іске асыру жұмыстарын жеделдетуді, құрылыс барысын тұрақты бақылауда ұстауды және белгіленген мерзімдердің сақталуын қамтамасыз етуді тапсырды.

«МАҢҒЫСТАУ» АҚПАРАТ

БҮГІНГІ САНДА

ӨМІРГЕ АРАША ТҮСКЕН РЕАНИМАТОЛОГ



4

МАҢҒЫСТАУДЫҢ МҰНАЙ ҚАЙНАРЫНА – 65 ЖЫЛ



9

БАЛҚАШТЫ БАҒЫНДЫРҒАН БАТЫЛ ЖАННАТ



12



АЙМАҚТА ЕГІС АЛҚАБЫ ҰЛҒАЙДЫ

СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚАРАҚИЯ АУДАНЫНДА ЕГІН ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЕРЕКШЕ ЕКПІНМЕН ДАМЫП КЕЛЕДІ. ӘСІРЕСЕ ЕГІСТІК АЛҚАПТАРЫН ҰЛҒАЙТУ, ЕГІЛЕТІН ДАҚЫЛДАРДЫҢ ӘРАЛУАНДЫҒЫ СЫНДЫ КӨРСЕТКІШТЕР КӨҢІЛ ҚУАНТАДЫ. ӨҢІРДІҢ ТАБИҒИ-КЛИМАТТЫҚ ЖАҒДАЙЫН ТОСҚАУЫЛ КӨРМЕЙ, ТАБЫС ҚАЗАНЫН ҚАЙНАТҚАН ШАРУАЛАР ЗАМАНҒА САЙ ТӘСІЛДЕРДІ МЕҢГЕРІП, ЖЕРГІЛІКТІ НАРЫҚТЫ ОТАНДЫҚ ӨНІММЕН ҚАМТЫП ОТЫР.

Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қилыбай Қарақия ауданына жұмыс сапары барысында егін шаруашылығымен айналысатын шаруа қожалықтарының алқаптарын аралап, дала жұмыстарының барысымен танысты.

Деректерге жүгінсек, 2026 жылы Қызылқұм алқабында 94 гектар жерге ашық топырақта егін егілді. Мұнда қияр, қызанақ, бұрыш, қырыққабат, баялды, қауын, қарбыз және асқабақ өсіріледі. Сонымен қатар ауданда жалпы аумағы 3,57 гектарды құрайтын 11 фермерлік жылыжай жұмыс істейді. Негізінен қияр өсірілетін жылыжайларда өнім алу жұмыстары тұрақты жолға қойылған. Қызылқұм алқабындағы шаруа қожалықтарының өнім көлемін арттыру және жылыжайлар санын көбейту мақсатында 51 шаруа қожалығын газбен қамтамасыз ету үшін ұзындығы 26 шақырым газ құбырын тарту жұмыстары жасалды.



Биыл «Еңбек» және «Рысбек» шаруа қожалықтары тиісінше 19 және 14,7 гектар жерге егін екті. Ауданда жеміс шаруашылығы да дамып келеді. Алма бақтарының жалпы аумағы – 6,5 гектар.

Қырыққабат өндіруге де ерекше көңіл бөлінген екен. Мәселен, «Еңбек» және «Рысбек» шаруа қожалықтары 2,2 гектар алқапта қырыққабат өсіреді. Бүгінде жергілікті нарыққа 150 тонна өнім жеткізілді. Оның көтерме бағасы – 1 келіге 160–170 теңге. Ал ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы жоспарланған көлемі 3 мың тоннаға жетеді.

Алқаптарды аралау барысында облыс әкімі ауыл шаруашылығының жерлерін тиімді пайдаланудың және өндіріс көлемін одан әрі арттырудың маңызын атап өтті.

– Маңғыстау ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісін арттыруы қажет. Бұл – азық-түлік қауіпсіздігі мен өңір экономикасын дамытудың маңызды мәселесі. Фермерлердің нәтижесі көрсетіп отырғандай, біздің климаттық жағдайымызға қарамастан, жерді тиімді пайдалану, заманға сай технологияларды енгізу және мемлекеттік қолдау арқылы өндіріс көлемін едәуір арттыруға болады. Біздің міндетіміз – осындай шаруашылықтардың одан әрі кеңеюіне жағдай жасап, нарықтағы жергілікті өнімнің үлесін арттыру, – деді Нұрдәулет Қилыбай.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ